

**Бекітемін:**  
**«Әсем» бөбекжай**  
**балабақша меңгерушісі**  
\_\_\_\_\_ **Ә.Т.Дөнен**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Әсем»бөбекжай балабақшасы  
Топ: ортаңғы «Еркетай» топ  
Балалардың жасы: 3 жастан  
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Қазан	Дене шынықтыру	– қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру; – мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; – саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; – денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік,

		<p>төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;</p> <p>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;</p> <p>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.</p> <p>2) жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру және тағы басқа;</p> <p>3) секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
--	--	--

	Сөйлеуді дамыту	<p>Дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту;</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;</p> <p>4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;</p>
	Көркем әдебиет	<p>2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауды;</p>
	Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;</p> <p>Артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеміс атауларын білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылысы:</p>

		<p>1) сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;</p> <p>2) жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.</p> <p>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау.</p> <p>Шама.</p> <p>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануды және атауды үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуді үйрету.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) геометриялық пішіндерді тану және атау.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.</p>

	Уақытты бағдарлау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көгөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.
Құрастыру	2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; 3) ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру;
Сурет салу	2) бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.
Мүсіндеу	1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;

	Жапсыру	<p>2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;</p> <p>3) желімдеудің техникасы;</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>3) пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл күй танытады;</p> <p>4) балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>3) әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау;</p>

**Әдіскер:**

**Сулейменова А.А.**